



Ақмешіт

28 ақпан
сенбі

№16 (2228)

2026 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

15 НАУРЫЗ
МАРТА
РЕФЕРЕНДУМ

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!
Важен голос каждого из нас!

БАС РЕДАКТОР БАҒАНЫ

АЛҒЫС АЛҒАН АРЫМАС

Көктемнің алғашқы күнінде елімізде «Алғыс айту» мерекесі атап өтеледі.

Мереке тарихынан бір-екі ауыз айтсақ, 2015 жылы күнтізбеге «Алғыс айту» күні мерекесі ретінде енді. Бұл күннің негізгі идеясы – XX ғасырдың зұлматты жылдарында туған жерінен жырақтап, қазақ даласын панаалап келген өзге этностардың қиын күнде күшеюін жайған, бір ұзім нанды бөліскен қазақ халқының мейірімі мен қамқорлығына ризашылық білдіруі еді. Деректерге сүйенсек, сталиндік режиммен әр жылдарда 800 мыңға жуық неміс, 102 мың поляк, 550 мың солтүстік Кавказ халықтарының өкілі, 18,5 мың Қиыр Шығыстағы корей отбасына қазақ даласы пана болды, қазақтың мейіріміне бөленді. Тарих таңбасы ел жадынан ұмыт қалған жоқ. Қиын-қыстау кезеңде бір ауыз жылы сөзге мұқтаж, қорғаныс өзге ұлт өкілдерін өзегінен теппей, маңдайынан сипаған қазақтың шексіз мейірімін олар ұмытқан жоқ. Әрине, бұл күн алғыс сұрау емес, атаулы күн арқылы тарихтың ақпаңдақ беттерін ашу, өскелең ұрпаққа қиын уақытты көрсету арқылы тарихтан сабақ алуға шақыру. Айта кетелік, ғалымдар бұл айтулы күнді тарих ақпаңдақтарын ашу үшін қажет деп санайды.

Алғыс айту күні тек қазаққа тән мереке емесі белгілі. Әлемде мұндай мәндігі мереке көп кездеседі. Мәселен, 1621 жылы жергілікті үндістер Америка құрлығын отарлаушыларды қаһарлы қыстан аман алып қалып, ерекше ерлік танытқан. Кейіннен бұл күн Жаратушыға құшылық ету мен көмек бергендерге ризашылық білдіру күні есебінде тойланған. Ал Джордж Вашингтон 1789 жылы ризашылық білдіру күнін «Ұлттық мереке» деп жариялап, маңызын арттыра түскен. Мұндай мазмұндағы мереке Израиль, Вьетнам, Қытай, Жапония секілді елдер де мереке есебінде аталып өтеледі. Әрине, біздегі алғыстың орны бөлек. Бұл – қазақ жерінен пана тапқан өзге ұлт өкілдерінің кең пейіл жұртқа алғысыз алғыс білдіретін күні. «Жақсы сөз жан семіртеді» дегенді қаперге алсақ, айтылған алғыс ұлт болашағын жарқын етуге жол ашары сөзсіз.

Бір айта кетерлігі, көктемнің алғашқы күнімен тұспа-тұс келген бұл мерекені өзге ұлт өкілдері ғана емес, жалпы жұрт жылы қабылдады. Жүректен-жүрекке жеткені сондай, барша жұрт бұл күнді соншалықты жып-жылы, ізгі мерекеге айналдырып жіберді. Бізге өзгелер алғыс айтып деп күтіп отырмай-ақ, өзі бастап жақын-жуығына, дос-құрбысына, ағайын-туысына сол күні алғыс айту дәстүрге айналды. Бар дүние кішкентай ғана мейірімнің орнын баса алмайтын кейде түсіне бермейтінімізге осы мысал да жетіп жатыр. Ендеше, көктемнің алғашқы күні «Алғыс айту» күні гой деген сылтаумен айналдырылған бұған дейін айта алмай жүрген жылы лебізін, жан жылуын төгіп жатса, неге қарсы болуымыз керек? «Алғыс айтатын біз емес» деп неге бетін қайтарамыз? Көктемнің алғашқы күні, «Алғыс айту» күні құтты болсын!

Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

КӨКТЕМ ЛЕБІ

Осы аптаның жексенбісі көктемнің алғашқы күні. Әзірге қыспен қоштаса қоймасақ та күнтізбеге қарап-ақ көктем лебі сезілгендей. Тіршілікке жан бітіретін көктемнің күдіреті бөлек. Көктемге асыққан елдің қарбалас тіршілігі басталып та кетті. Жер-Ананы баптап, әр жылдан үлкен үміт күтіп, ел ризығын еселейтін диқандар кетпенін сайлай бастады.

Үкіметтің осы аптадағы отырысы көктемгі дайындық жұмысын пысықтауға арналды. Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында көктемгі дала жұмыстарына дайындық барысы қаралды. Онда бірқатар министрлер мен облыс әкімдері баяндама жасады. Олардың қатарында Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев та бар.

2-БЕТТЕ



1 НАУРЫЗ – АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ

АЛҒЫСЫМ ШЕКСІЗ, ОТАНЫМ!

Алғыс айту күніне орай А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде «Татулыққа тағзым, адамзатқа алғыс» атты мерекелік іс-шара өтті.

баршаның зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, шаңырақтарыңызға шаттық пен береке тілеймін, – деді Айдын Қайруллаев.

Мерекелік жиын концерттік бағдарламамен жалғасты. Кеш соңында

«Елге арнау» әні орындалды. Іс-шара қатысушыларды ерекше әсерге бөлеп, «Алғыс айту» мерекесінің мәнін айшықтай түсті.

Айдана БАХТИЯР



Жиынға зиялы қауым өкілдері, этномәдени бірлестік мүшелері мен қала тұрғындары қатысып, ел бірлігінің маңызы дәріптелді.

Жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткен ынтымақ пен қайырымдылық құндылықтары кеңінен айтылды. Сондай-ақ қалалық мәдениет, тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Айдын Қайруллаев құттықтау сөз сөйлеп, бірқатар азаматтарды марапаттады.

– Бүгінгі мереке – баршамызға ортақ құндылықтарды дәріптейтін, бірлік пен татулықты ұлықтайтын айрықша күн. Мереке қарсаңында

БІЗДІ ҚАЗАҚ ЖЕРІНЕ ӘКЕЛГЕНІНЕ ҚУАНАМЫН



Қызылорда қаласында корей халқының дәстүрлі жаңа жылы – Соллал мерекесі кең көлемде тойланады. Шығыс күнтізбесі бойынша атап өтілетін бұл мейрам Корея, Қытай, Жапония сынды елдерде ерекше маңызға ие.

Мерекелік шараға Қызылордадағы этномәдени бірлестіктер өкілдері, зиялы қауым, жастар мен қала тұрғындары жиналады. Мерекелік кеште корей халқының көне дәстүрі – сәбә рәсімі сахналанды. Бұл – жас буынның үлкендерге тағзым етіп, ақ батасын алатын ғұрпы. Ортаға қауымдастық өкілдері мен жасоспірмдер шығып, аталған рәсімді көшілікке көрсетті.

Кеш барысында «Самульнори» ұлттық аспаптық ансамблінің орындауындағы музыкалық қойылымы көрермен ықыласына бөленді. Сонымен қатар дәстүрлі «Тохо», «Хатго» ойындары ұйымдастырылып, белсенді қатысушыларға сыйлықтар табысталды.

2-БЕТТЕ

ЖҮРЕК КІЛТІ

ЖЫЛЫ СӨЗГЕ НЕГЕ САРАҢБЫЗ?



Жақында мынадай жағдайға себепкер болдым. Әріптестік байланыс барысында концерт бағдарламасына барып, керемет кештің куәсі болып қайттым. Сол әсермен шақырған әріптесіме алғысымды білдірдім. Содан ол «қазір рахмет айта алмайтындар көп. Сіз жұмысыңыз болса да маған алғыс білдіріңіз» деп жазып жіберіпті.

Алғыс – жай ғана сөз емес. Ол – адамның ішкі мәдениетінің тәрбиесінің көрсеткіші. Бүгінде адамдар арасында алғыс айту мәдениеті қаншалықты қалыптасқан? Қоғамда қызмет көрсеткен жанға алғыс айту, жақсылықты «міндет» ретінде қабылдау, отбасында ризашылық сөздерінің сиреуі қалыпты жайт болып барады. Психологтар мұны эмоционалдық суықтықтың белгісі дейді. Ал адамдар арасында жылудық болмаса, қарым-қатынас та әлсірейді.

3-БЕТТЕ

СҰХБАТ



Өзге елге жол түсе қалса, сол елдің қарапайым тұрғынымен әңгімелесуді жөн көреміз. Себебі бейтаныс жердің қыр-сырын сол елдегі азаматтардан артық кім білсін...

Англияға сапарым барысында жергілікті зейнеткер Мэгги Поллингтонмен әңгімелесудің сәті түсті. Ашық әңгіме барысында ол британдықтардың күнделікті өмірі, зейнеткерлердің белсенді тіршілігі, жастардың болашағы, ауыл мен қала арасындағы айырмашылық және қазіргі экономикалық жағдай туралы айтты. Әсіресе өмір сүру құнының өсуі, әлеуметтік қолдау жүйесі мен денсаулық сақтау саласының ерекшеліктері жайлы пікірі назар аударды. Мэггидің пайымынша, бүгінгі британ қоғамы бір жағынан, жоғары өмір сүру стандарттарын сақтап қалуға тырысса, екінші жағынан жаңа экономикалық сынақтармен бетпе-бет келіп отыр. Бұл сұхбаттан шетелдегі өмірдің сыртқы жылтыр көрінісінен гөрі, ішкі шындығын білуге болады.

АҒЫЛШЫНДАР ЖАУЫН ТОҚТАП, КҮН ШЫҚҚАНЫН АРМАНДАЙДЫ

– Көптеген қазақстандық Ұлыбританияда өмір сүру қымбат деп есептейді. Мұнда табыс пен шығын көлемін салыстырғанда өмір сүру деңгейі қандай? Халық табысы күнделікті шығындарын жабуға жете ме?

– Қазіргі таңда Ұлыбританияда өмір сүру құны өте жоғары. Ел халқының шамамен 40-50 пайызы, соның ішінде жұмыс істейтін азаматтар мен отбасылар, негізгі тұрмыстық шығындарын өтеуге қиналады. Көптеген адам жұмыс істесе де,

«Universal Credit» деп аталатын мемлекеттік жәрдемақы алады. Әрбір төртінші отбасы ең қажетті тұрмыстық заттардан таршылық көреді. 2025 жылғы жағдай бойынша кейбір ата-аналар не үйді жылыту немесе балаларын тамақтандырудың бірін таңдауға мәжбүр болған. Бүгінде Ұлыбританияда 4,5 миллион бала, яғни балалардың 31 пайызы кедей жағдайда өмір сүреді. Дегенмен, жайлы әрі ауқатты өмір сүріп жатқан адамдар да аз емес.

3-БЕТТЕ

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

ҚЫСТЫҢ СОҢҒЫ КҮНДЕРІ немесе қала қарбаласы

Биылғы қыс жұмсақ болды. Үш айда соншалықты қытымыр мінез көрсеткен кез аз. Тіпті «бет қаратпай теріс айналдыратын» сарышұнақ аязға үйренген елордалықтардың өзі биылғы қыс қатты асау мінез байқамағанын айтып жүр. Жаймашуақ қыс күндерінде көктем лебін сезіне бастаған сәтте ақпаңның ашуын көрдік. Табиғаттың тосын мінезі әп-сәтте-ақ абырбатын тастады. Екі күннің ішінде қар аралас жаңбыр, ұйытқыған жел, көк мұз қала тіршілігіне кедергісін келтірмей қоймады. Электр желілері үзіліп, жарық өшті. Бұтақтарына мұз қатқан ағаштар иіліп қалды. Кейбірі морт сыйды. Ақпан әлек салғанда қаланың коммуналдық сала қызметкерлері қыс дайындығына қаншалықты әзір екенін көрсетті. Сала сарбаздары сақадай сай екен, техника да, жұмысшылар да аянбай еңбек етті. Қала көшелері қар мен мұздан тазартылып, жарық желілері қалпына келді. Кешелі бері қала көшелерін тазалау жұмысына барлығы 320 адам, 70 техника жұмыс істеді. Тынымсыз жұмыс нәтижесіз емес. Қарбаласқа толы қалада тұрғындар жайлылығы үшін жүйелі жұмыс жүруде. Әрі қарай шұғылалы көктем келетіні көңіл қуантады.

«Ақмешіт-ақпарат»



«Ақмешіт» коллажы



ЖАҢА ЖОБА – ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

Жаңа Конституция жобасы ресми түрде жарияланды. Бұл – ел тарихындағы маңызды конституциялық реформа оқиғасы. Өйткені жаңа Конституция мәтіні 1995 жылғы Конституциядан айтарлықтай ерекшеленді және еліміздің мемлекеттік басқару, құқықтық жүйе, азаматтық құқықтар мен міндеттер салаларын қайта қарауды көздеді.

2026 жылғы 12 ақпанда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа Конституция жобасын республикалық референдумға шығарғаны туралы жарлыққа қол қойды. Референдум биылғы 15 наурызда өтеді және оған қазақстандықтар «Жаңа Конституцияны қабылдайсыз ба?» деген бір ғана сұрақ бойынша «иә» немесе «жоқ» деген нұсқада жауап береді.

Реформа аясында Конституция мәтінінің шамамен 84 %-ы жаңартылды, қоғам мен мемлекет құрылымына байланысты жаңа тұжырымдар ұсынылды.

Жобада адам құқықтары мен бостандықтары ең негізгі құндылық ретінде көрсетілген, құқықтық тәртіп, әділеттілік, заң үстемдігі сияқты қағидалар Конституцияда айқын жазылған.

Сондай-ақ жаңа Конституция жобасында цифрландыру дәуірінде жеке деректер мен ақпараттық қауіпсіздік мәселелерінің конституциялық деңгейде бекітілуі, мемлекеттік басқарудың заманауи институттарын қалыптастыру және құқықтық сана мен қоғамдық қатынастарды жаңғырту сияқты бағыттар да назарға алынды.

Меніңше, жаңа Ата Заң жобасының мәтінімен азаматтар танысқан болар. Олар жобаға қатысты өз ойларын пайымдап, белгілі бір шешімге келді деп ойлаймын. Ең бастысы, бұл жоба қазіргі заманның барлық талаптарына, сұрауларына толық жауап береді. Себебі қоғам өзгерсе, талап өзгереді. Мұндай трансформациялар тиісінше заңның да белгілі бір деңгейде өзгеруіне себеп болады.

Рүстем БТПЛЕВОВ,
«Курс Инвест ЛТД» ЖШС директоры,
қалалық мәслихат депутаты

Сыр дикандары да жыл сайын су ташылығының қиындығын сезініп келеді. Мемлекет басшысының Қызылорда облысындағы егіс алқаптарын әртарапандыру жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында өңір суды аз қажет ететін дақылдар егуге көшуде. Үкімет отырысында суды ұтымды пайдалану жөніндегі шаралар туралы аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев баяндады. Биыл өңірде барлығы 185,8 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдарын орналастыру жоспарлануда. Күрші дақыл 70 мың гектарға егіледі, бұл өткен жылғы деңгейден 10,9 мың гектарға аз. Жалпы соңғы 4 жылда күрші көлемі 19 мың гектарға немесе 21%-ға қысқарған.

– Қысқартылған күршінің орнына егісті әртарапандыру мақсатында суды аз қажет ететін дақылдар егу көзделуде. Бұл бағытта өңірімізде құны 40 млрд теңгеге жүгеріні терең өңдеуге бағытталған «Қызылорда крахмал-сірне зауыты», құны 51 млрд теңгеге швейцариялық «Харвест Групп» компаниясының техникалық қарасора, жүгері, соя өсіру және оны өңдеу жобасы, «Семеноводство» серіктестігімен су үнемдеу технологиясымен жүгері егу жобалары жүзеге асырылуда. Жобалар аясында биыл жүгері дақылын 10 мың гектарға орналастырып, алдағы уақытта да ұлғайту жоспарлануда, – деді аймақ басшысы.

Басы 1-бетте



КӨКТЕМ ЛЕБІ

Ел Президентінің тапсырмасына сәйкес су ресурстарын тиімді пайдалану, су шығынын азайту мақсатында облыста су үнемдеу технологияларын кеңінен енгізу жұмыстары жүргізілуде. Өткен жылы облыс бойынша ташылатып, жаңбырлатып суару әдісімен 8 мың 100 гектар егіс егілді. Биыл су үнемдеу технологияларын пайдалану көлемін 16 мың 700 гектарға жеткізу межеленген. Егістіктердегі су шығынын азайту мақсатында өткен жылы 60 мың гектар күрші алқаптары лазерлік тегістеуден өткізілді. Нәтижесінде дикандар суды

20 пайызға үнемдей отырып, өнімділігі арттыруға қол жеткізді.

– Биыл бұл көрсеткішті 65 мың гектарға жеткізу көзделуде. Бүгінгі күні көктемгі егін жұмыстарына ауыл шаруашылығы құрылымдары қажетті тұқымдармен 100 пайыз қамтамасыз етілді. 2026 жылға қажетті 65 мың 600 тонна тыңайтқыштардың бүгінгі күні 18 мың 500 тоннасы сатып алынды. Отандық тыңайтқыш өндірушілерге аванстық субсидиялау бойынша тиісті қаражаттар аударылды. Егін егу жұмыстарына қатысатын 3 975 бірлік ауыл шаруашылығы

техникаларының 90 пайызы жөндеуден өткізілді. Қалғаны 1 наурызға дейін толық дайын болады. Энергетика министрлігі тарапынан көктемгі егіс жұмыстарына 10 мың 100 тонна дизель отыны бөлінді. Шаруаларға кестеге сәйкес таратылатын болады. Ерте егілетін дақылдарды себу жұмыстары наурыз айының бірінші онкүндігінде, күрші егу жұмыстары сәуір айының үшінші онкүндігінде басталады, – деді облыс әкімі.

Үкімет отырысынан кейінгі облыс әкімдігінде өткен мәжілісте көктемгі дайындық жұмыстары жан-жақты талқыланып, жауапты сала басшыларына тапсырмалар жүктелді.

Қазіргі таңда су ресурстарының ташылығы жаһандық деңгейдегі ең өзекті мәселелердің біріне айналғаны белгілі. Мемлекет басшысы су ресурстарын тиімді пайдалану, үнемдеу технологияларын енгізу және су жүйелерін цифрландыру жұмыстарына ерекше мән береді.

– Су лимитіне сәйкес жоспарланған көлемнен артық бірде-бір гектар жерге егін егілмеуі тиіс. Бұл мәселені қатаң бақылауға алу қажет, себебі ол Үкіметтің ерекше назарында. Судың магистральді және шаруашылықаралық каналдар арқылы егіс алқаптарына жеткізілуіне, ауыспалы егіс тәртібінің сақталуына тұрақты мониторинг ұйымдастырылсын, – деді аймақ басшысы.

«Ақмешіт-ақпарат»

ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАНЫҢ ӘЛЕУЕТІ ЖОҒАРЫ

Қала әкімдігінің мәжіліс залында дүниежүзілік үкіметтік емес ұйымдар күніне орай «Үкіметтік емес ұйымдардың әлеуеті арқылы жергілікті қоғамдастық қызметін дамыту» тақырыбында жиын өтті.

Іс-шараға қала әкімінің орынбасары Ділмұхамед Абызов, «Қызылорда облысының Үкіметтік емес ұйымдарының Альянсы ассоциациясы» заңды тұлғалар бірлестігінің төрайымы Анар Ізден және үкіметтік емес ұйым өкілдері, кент және ауылдық округ әкімдері мен жергілікті қоғамдастық мүшелері қатысты.

Кездесуді қала әкімінің орынбасары Ділмұхамед Абызов ашып, жиылғандарды мерейлі мерекеміз құттықтады.

– Сіздерді дүниежүзілік үкіметтік емес ұйымдар күнімен құттықтаймын! ҮТУ өкілдері қоғамдағы өзекті мәселелерді көтеріп қана қоймай, олардың нақты шешімін табуға белсенді атсалысып келеді. Халықтың мұң-мұқтажын жеткізіп,

түрлі әлеуметтік топтардың мүддесін қорғауда табандылық танытудасыздар. Қала әкімдігі үшін үкіметтік емес ұйымдар – сенімді серіктес. Алдағы уақытта да бірлесіп қаламыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына, тұрғындардың өмір сапасын арттыруға бағытталған бастамаларды жүзеге асырамыз деп сенемін, – деді ол.

Жиында сөз алған «Қызылорда облысының Үкіметтік емес ұйымдарының Альянсы ассоциациясы» заңды тұлғалар бірлестігінің төрайымы Анар Ізден «Ауылдық аймақтарды дамытуға азаматтық қоғамның ролі» тақырыбында баяндама жасады.

– Бүгінгі кездесу – азаматтық қоғам мен мемлекеттік органдар арасындағы өзара іс-қимылды нығайтуға, серіктестікті жаңа мазмұнмен толықтыруға бағытталған маңызды диалог аланы.

Қазіргі таңда әлеуметтік жобалардың маңызы артты. Сондықтан қоғам өміріндегі ролі ерекше. Үкіметтік емес

ұйымдар жүзеге асырып жатқан жобалар халықтың нақты қажеттілігін шешуге, әлеуметтік осал топтарды қолдауға, жастар мен әйелдердің бастамасын дамытуға, ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған.

Әлеуметтік жобаларды іске асыруға қолжеткізетін мемлекеттік қолдау азаматтық сектордың әлеуетін күшейтіп, қоғам үшін нақты, әрі тиімді нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар елімізде жүзеге асып жатқан конституциялық реформалар аясында азаматтық қоғам институттарының ролі едәуір күшейі түсті. Қоғамдық талқылауға қатысу, ұсыныс енгізу, кері байланыс орнату тетігі мемлекет пен қоғам арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайтып, халықтың мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдарға деген сенімін арттыруға бағытталған, – деді бірлестік төрайымы. Мұнан соң «Қызылорда облысының Азаматтық Альянсы» үйлестірушісі К. Есбосын, Қызылорда қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының бөлім басшысы А. Жиенкожаева азаматтық қоғам мен мемлекеттік органдар арасындағы өзара іс-қимылды нығайту, жергілікті қоғамдастықтардың жұмысын жандандыру, ауылдық аумақтарды дамыту және әлеуметтік жобаларды тиімді іске асыру мәселелеріне тоқталды.

Жиын барысында жергілікті өзін-өзі басқарудың қаржылық дербестігін арттыру, төртінші деңгейлі бюджетті енгізу және азаматтық сектордың әлеуетін дамыту бағытында маңызды ұсыныстар айтылды.

Жиын соңында үкіметтік емес ұйым өкілдері қала әкімінің Алғыс хаты және арнайы сыйлықпен марапатталды.

Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА

БРИФИНГ

ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ



Өткен жылы атқарылған жұмыстар шаһардың саулеттік келбетін айқындап қана қоймай, тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыруға бағытталды. Әсіресе Сырдарияның сол жағалауы жаңаша сипат алып, заманауи ықшам аудандар бой көтерді. «Тұрғын үй құрылысы салу» бағдарламасы бойынша Сырдария өзенінің сол жағалауында №2 ықшам ауданында 40 пәтерлі 10 тұрғын үйдің, 84 пәтерлі №8 тұрғын үй құрылысы аяқталды. Көпқабатты тұрғын үйлер салынып, олардың инженерлік желілері жүргізіліп, ауалары абаттандырылды. Бұл туралы қалалық әкімдіктің брифинг залында қалалық құрылыс бөлімінің басшысы Айдын Серікұлы айтты.

Қалаға қарасты ауылдық округтерде де ауқымды жұмыс жүзеге асты. Жаңа қоныстанған аймақтарға электр желілері тартылды. Бұл тек жарық мәселесін шешіп қана қоймай, ауыл тұрғындарының кәсіппен айналысуына, тұрмыс жағдайын жақсартуына мүмкіндік берді.

Газдандыру бағытындағы жұмыстар да кезек-кезегінен жалғасты. Сабалақ елді мекеніне «көгілдір отын» жетіп, бірқатар аумақтардағы газ мәселесі шешімін тапты. Қала ішіндегі бұрын газ тартылмаған аймақтарға да құбырлар жүргізілді. Бұл – экологиялық ахуалды жақсартып, тұрғындардың тұрмысын жеңілдететін қадамның

бірі. Сумен жабдықтау және кәріз жүйелерін жаңғырту – басты назарда. Қаладағы ағын суларды тазарту станциясы жаңартылып, су құбыры желілері кезек-кезеңімен қайта жөндеді.

Әлеуметтік қолдау шаралары аясында көпбалалы және әлеуметтік осал топтағы азаматтарға баспаналар табысталды. Ипотекалық бағдарламалар арқылы отбасылар жаңа пәтерге қол жеткізіп, қоныс тойын тойлады.

Қызылорда қаласында 2026 жылы құрылыс саласында ауқымды жоба жүзеге аспақ. Биыл негізгі басымдық тұрғын үй қорын толықтыру, инженерлік инфрақұрылымды дамыту және ауылдық елді мекендердің жағдайын жақсартуға бағытталып отыр. Осы бағытта сол жағалаудан кезекте тұрған әлеуметтік осал топтағы азаматтарға пәтер сатып алу жоспарланған. Сонымен қатар жеке инвесторлар есебінен салынатын көпқабатты тұрғын үйлерді мемлекет тарапынан сатып алып, оларды ипотекалық бағдарламалар арқылы халыққа ұсыну көзделуде. Сол жағалаудан кезекте тұрған отбасыларға 1306 пәтер сатып алу жоспарланса, Президент саябағы жанынан 9 қабатты 63 пәтерлі 15 тұрғын үй «Отбасы банк» арқылы ипотекаға беріледі.

«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы шеңберінде ауылдық округтердегі электр желілерін аяқтау жұмыстары жалғасады.

– Қызылжарма, Ақсуат және Қызылөзек ауылдық округтерінде жарықпен қамту және қолданыстағы желілерді жаңғырту жоспарланған. Газдандыру бағытында Сабалақ елді мекеніндегі орамшыл газ желісінің екінші кезеңін аяқтау көзделіп отыр. Бұл жоба толық іске асқанда тұрғындар табиғи газға толық қол жеткізеді. Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту аясында Жезқазған тас желі бойындағы жаңа аумаққа инженерлік желілер жүргізу, сол жағалаудағы көпқабатты үйлердің инфрақұрылымын аяқтау және Президент паркі маңындағы тұрғын үйлерге магистральдық желілер тарту жұмыстары жалғасады. Жылумен қамту жүйесін жетілдіру мақсатында сол жағалаудағы 40 МВт-тық қазандықты толық іске қосу жоспарланған. Жөндеу жүргізіліп жатқан Президент саябағы да алдағы наурыз айында пайдалануға беріледі деп жоспарлануда, – деді қалалық құрылыс бөлімі басшысы Айдын Серікұлы.

Думан РАХЫМЖАНҰЛЫ

БІЗДІ ҚАЗАҚ ЖЕРІНЕ ӘКЕЛГЕНІНЕ ҚУАНАМЫН

Тағдыр табыстырған халық

Соллаль мерекесінің мәнін тереңірек түсіну үшін қаладағы корей этносның өкілі, 84 жастағы Юрий Кимнің шаңырағында қонақта болдық.

Юрий Кимнің айтуынша, корейлердің қазақ жеріне қоныстанғанына ғасырға жуық уақыт өткен. 1937 жылы Кеңес Одағының Қыр Шығыс аймағында өмір сүрген мыңдаған корей отбасы жаппай қоныс аударуға мәжбүр болған. Оларға бір апта ғана уақыт беріліп, алдымен Владивостокқа жеткізілген. Кейін жүк тиелген пойыздармен, Қазақстанның оңтүстігіне келген.



шаруашылығы қарқын ала бастаған. Өңірде күрші егумен ағы аңызға айналған даңқты дикан Ыбырай Жақаев болса, корей ұлтынан Ким Ман Сам еді. Оларды халық түйенің қос өркешіне теңеген екен.

Дәстүр жаңғырығы

1989 жылы Қызылордада «Корей мәдени орталығы» ашылып, этностың салт-дәстүрін жаңғыртуға жол ашылды. Сол уақыттан бастап Ай күнтізбесі бойынша жаңа жылды атап өту дәстүрі қайта жанданды.

Бүгінде «Соллаль» тек мерекелік шара емес, ұрпақ сабақтастығының символына айналған. Корей халқында дастархан – бірлік пен сыйластықтың белгісі. Әсіресе бұл күні үлкендерге тағзым жасап, ізгі тілектер айту ерекше мәнге ие.

Дәстүрлі жаңа жыл мерекесіне орай Юрий Кимнің шаңырағында да мерекелік дастархан жайылды. Үстелде күршітен дайындалған чимпени, чартоги, мэги ча, марковча салаты, тигуртми секілді ұлттық тағамдар қойылды. Орыс ұлтының өкілі, жұбайы Рима Иванова

корей асханасының дәмін сақтай отырып, тағамдарды ерекше ықыласпен әзірлеген. Буы бұрқыраған «юккелян» сорпасы мен қолдан пісірілген тәттілер қонақтардың көңілінен шықты.

– Әр тағамның өз мәні бар. Бұл – отбасыға деген құрметтің, татулықтың белгісі. Біз өзімізді «халықаралық отбасы» деп әзілдейміз, ұлым қазақтан қыз алып өрісін кеңейтін отыр, – дейді 45 жыл отасқан жұбайлар.

Бірлік пен сыйластық мерекесі

Сыр елінде қоныстанған корейлердің салт-дәстүрі жергілікті халықпен біте қайнасып, жаңа сипат алғанымен, тарихи тамыры үзілген жоқ. Кең көлемде аталып өткен «Соллаль» мерекесі этностар арасындағы достық пен өзара құрметтің жарқын үлгісі іспеттес.

Думан КЕҢШЛІК

Басы 1-бетте

АҒЫЛШЫНДАР ЖАУЫН ТОҚТАП, КҮН ШЫҚҚАНЫН АРМАНДАЙДЫ

– Ұлыбританияда да «ауыл» ұғымы бар ма? Егер бар болса, ауылдық жерлердегі өмір сапасы қандай?

– Ұлыбританияда көлемі әртүрлі көптеген ауыл мен шағын қала бар. Ауылдарда 4-11 жас аралығындағы балаларға арналған бастауыш мектептер жұмыс істейді, ал 11-16 жас аралығындағы оқушылар ірі қалалардағы орта мектептерде білім алады. Кей ауылда қоғамдық көлік қатынасын шектеулі болуы мүмкін. Алайда балаларды мектепке тасымалдайтын арнайы автобустар қарастырылған.

16-18 жастағылар колледжде немесе кәсіби даярлық бағдарламаларына, соның ішінде тағалымдамаларға түседі. Дәрігерлік қабылдаулар көбіне ауылдарда өтсе де, күрделі оталар қалада жасалады. Сондықтан тұрғындарға қалаға баруға тура келеді. Кейбір ауылдарда тіпті азық-түлік дүкені де жоқ. Алайда сүт жеткізу қызметі сақталған, сонымен қатар нан, жұмыртқа секілді тауарларға тапсырыс беруге болады. Әлеуметтік қызметтер әдетте ірі елді мекендерде орналасады, бірақ қызметкерлер көмекке мұқтаж адамдарға өздері барып қызмет көрсетеді.

– Англияда мектептер, университеттер және медициналық қызметтер ақылы ма, әлде тегін бе?

– Ұлыбританияда мемлекеттік мектептер бар және оларда оқу тегін. Сонымен қатар ата-аналар баласын ақылы, жекеменшік мектептерге бере алады. Елдегі балалардың шамамен 6,5 пайызы жеке мектептерде білім алады. Барлық университеттерде оқу ақылы. Жылдық оқу ақысы шамамен 9535 фунт стерлингті құрайды (6500000 теңге шамасында-авт.). Оқу бағдарламалары үш немесе төрт жылға созылады. Студенттер мемлекеттен несиені ала алады және оны жұмысқа тұрған соң қайтару бастайды. Егер 30 жылдан кейін қарыз толық өтелмесе, алған несиесіне пайыз қосылады.

Азаматтар үшін медициналық қызмет тегін. Алайда стоматологиялық қызметтер ақылы. National Health Service аясындағы мемлекеттік және жеке стоматологтар бар, жеке стоматологияның қызметі қымбаттар. Балалар мен 60 жастан асқан азаматтарға дәрі-дәрмек тегін беріледі.

– Англиядағы егде жастағы адамдардың белсенді өмір сүруінің сыры неде? Үкімет тарапынан қолдау жеткілікті ме? Зейнетақы жүйесі қалай ұйымдастырылған? Орташа айлық табыс мөлшері қанша және зейнеткерлер қаражатын көбіне қайда жұмсайды?

– Дәрігерлер мен үкімет халықты салауатты өмір салтын ұстануға шақырады. Бұл National Health Service (NHS) жүйесіне түсетін салмақты азайту үшін маңызды. Егде жастағылар мен артық салмағы бар адамдарға спорттық бағдарламалар субсидияланған.

Мемлекеттік зейнетақы алу үшін азаматтар еңбек еткен жылдары ұлттық сақтандыру қорына жарна аударуы тиіс. Толық мемлекеттік зейнетақы аптасына 230,25 фунт (155418-авт.) стерлингті (жылына 11973 фунт) 8081775 тг-авт.) құрайды және оны алу үшін кемінде 35 жыл жарна төлеу қажет. Көп адамның қосымша жеке зейнетақы қорлары бар. Жалғызбасты қарттар үшін тек мемлекеттік зейнетақымен жайлы

Басы 1-бетте

өмір сүру қиын. Себебі жылу мен азық-түлік бағасы қымбат.

– Ұлыбританияда балалар ата-анасымен бірге тұра ма, әлде көпшілік айтатындай, 18 жасқа толған соң бөлек шығып кете ме?

– Студенттер университетке оқуға түскенде көбіне ата-анасының үйінен кетеді. Бұрын олар тек демалыс кезінде ғана үйге келетін. Алайда соңғы 10-15 жылда жағдай өзгерді. Көптеген түлек оқу бітірген соң қайтадан ата-анасымен бірге тұрады. Бұған тұрғын үй бағасы мен студенттік қарыздардың көптігі әсер етуде. Қазіргі таңда жоғары білімді жастарға жоғары жалақы төлене бермейді.



– Англияда жұмыссыздық деңгейі қандай? Жұмыс табу оңай ма? Жастар көбіне қандай салаларда еңбек етеді? Қай мамандықтар сұранысқа ие және халық көбіне қандай саланы таңдауға тырысады?

– 2025 жылдың қараша айында Ұлыбританиядағы жұмыссыздық деңгейі 5,1 пайызға жетті. Жоғары білімі жоқ адамдар үшін жұмыс табу қиын әрі жалақысы төмен. Ақпараттық технологиялар, денсаулық сақтау және білікті жұмысшы мамандықтары (электрик, сантехник, қаржы саласының мамандары) сұранысқа ие. Елде дәрігерлер мен медбикелер тапшылығы сезіледі.

– Англиядағы кітап оқу мәдениеті туралы айтып берсеңіз. Газет-журнал оқу дәстүрі сақталған ба? Көшеде немесе пойызда кітап пен газет оқып отырған адамдарды жиі көруге бола ма?

– Британ мәдениетінде газет маңызды рөл атқарған. Олар қоғамға ақпарат жеткізудің негізгі құралы болды. Ұлыбританияның саяси ұстанымы айқын – оңшыл немесе солшыл бағыттағы басшылар дәстүрлі түрде бар. Алайда қазіргі таңда газет сатылымы төмендеуде. Көп адам жаңалықты смартфон қосымшалары арқылы оқиды. Елде сауаттылық деңгейі жоғары. Балаларға ерте жастан

кітап оқу дәстүрі қалыптасқан. Қалаларда тегін кітапханалар жұмыс істейді, ал кейбір ауылдарда көшпелі кітапханалар бар.

– Англияда зейнеткерлер бос уақытын қалай өткізеді? Олардың өмір салты қандай?

– Зейнеткерлердің өмір салты олардың қаржылық мүмкіндігіне байланысты. Ер адамдар көбіне гольф ойнайды. Кейбіреулер қайырымдылық дүкендерінде немесе тіл үйрететін клубтарда ерікті болып жұмыс істейді. Волонтерлік мүмкіндіктер өте көп. Көптеген карт спортпен шұғылданып, жиі саяхаттайды. Кейбірі 10-12 апта бойы сыртта демалады. University of the Third Age (U3A) – зейнеткерлерге арналған білім беру

ұйымы. Жылдық жарнасы шамамен 10 фунт стерлинг (6750 теңге-ред.). Олар дәріс оқу, семинар өткізу, экскурсия жұмысын ұйымдастырады. Әрине, кейбір адамдар күні бойы үйде теледидар көріп отыруы мүмкін, бірақ белсенді қарттар да аз емес.

– Бүгінде Ұлыбританияда шетелдік жұмысшылар саны көп. Бұл жергілікті жастар қара жұмыс істеуге құлықсыз екенін білдіре ме?

– Кейбір жас британдықтар ауыр физикалық немесе біліктілігі төмен жұмыстарды тартымсыз, беледі төмен деп санайды. Олар ұзақ уақыт бойы ауыр еңбек етуге, мысалы, фермада жұмыс істеуге аса құлықты емес. Сондықтан мұндай салаларда шетелдік жұмысшылар жиі еңбек етеді.

– Жалпы ағылшындардың арманы не? Олар көбіне нені мақсат етеді?

– Британдықтардың көпшілігі өз үйінің болғанын, тұрақты әрі жақсы өмір сүруді, жылы елдерге демалысқа баруды қалайды. Сонымен қатар балаларының аман-есен, бақытты әрі дені сау болғанын армандайды. Ал әзірге көпшіліктің тілегі – жауын тоқтап, күннің шығуы!

– Сұхбатыңызға рахмет.

Өңгімелескен Думан КЕНШІЛК



Психолог не дейді?

Психологтардың айтуынша, алғыс айту – эмоционалдық интеллектіңіздің жоғары деңгейін көрсетеді. Яғни, адам өзіне жасалған жақсылықты байқап, оны бағалап, ашық жеткізе алса, бұл оның ішкі тұрақтылығы мен саналы қарым-қатынас құра алатынын көрсетеді. Алғыс айтатын адамдарда күйзеліс деңгейі төмен, қарым-қатынас сапасы жоғары, өз-өзіне сенімділік мықты болады.

– Соңғы жылдары адамдардың бір-біріне алғыс айтуы сиреп бара жатқаны байқалады. Мұны жай ғана рахмет айтудың азаюы деп қабылдамаймын. Бұл – ішкі мәдениет пен эмоционалдық байланыстың әлсіреп кеткенінің белгісі деп ойлаймын. Маман ретінде айтарым, алғыс айту – кішіпейілдіктің белгісі. Ал қоғамда бұл қасиет неге азайып барады? Осы сұраққа жауап іздесек Біріншіден, ол тұтынушылық сана деп ойлаймын. Қазір көп адамдар «бәрі маған тиесілі» деп ойлайды. «Мен лайықпын» деген ғана түсінік қалыптасты. Көмекті міндет деп, жақсылықты қалыпты нәрсе деп қабылдайды. Ал міндет ретінде қабылдаған нәрсеге ешқандай алғыс айтылмайды. Өйткені «сен – міндеттісің» дейді. Ал шын мәнінде міндет пен алғыс айтудың арасы жер мен көктей. Екіншіден, бұл жандүниенің шаршауынан. Қазір көп адамдар күйзелісте жүр. Ал шаршаған адам ризашылықты сезінуге де мұрашы болмайды. Үшіншіден, салыстыру синдромы өте көп. Қазір әлеуметтік желінің кері әсерінен адамдар өздерінің басқамен салыстырады. Біреу сыйлық берсе, оған да күшті сыйлықты көреді. Осылайша бар нәрсенің қадірі кетуде. Төртіншіден, бала тәрбиесіндегі өзгеріс. Бала кішкентайынан отбасындағы алғыс айту мәдениетін көріп өссе, оны

кейін жалғастыра бері. Өкінішке қарай, көп ата-ана ризашылығын білдіре алмай жатады. «Бірге келе жатқанымыз үшін, барлық қиындықтарға төзе білгеніміз үшін рахмет, ризамын,» деп бір-біріне рахмет айтып отырса, бала мұны көру, есту арқылы бойында жақсы қасиет қалыптасады. Мұндай жағдайларды көрмегеннен кейін бала да «рахмет айту міндет емес» деген түсінік қалыптасады. Көп адам алғысты арнайы айту қажет деп ойлайды. Алайда «алғыс» жай ғана сөз емес, оның құдыреті бар. Ол адамның жүрегіне жылу, қуат береді. Ғылыми зерттеулерге сүйенсек, ризашылық білдіру – адамның психологиялық саулығын, тіпті адамның денесін, күшін, жасын жасартуға дейін көмек береді. Рахмет айту – адамды қуантады, қарым-қатынасты нығайтады. Рахмет айта білудің өзі үлкен мәдениет. Айтқысы келсе де, айта алмайтындар бар. Кез келген адамға жай ғана рахмет айтып, қандай қуанып қалады. Адамдар әрқашан жылулыққа мұқтаж. Бала да, қарт кісіде жылы сөзге мұқтаж. Бірауыз жылы сөздің өзі адамның күні бойы шаршағанын басатыны ғылымда дәлелденген. Сондықтан психолог ретінде айтарым, мәселе қоғамда емес, әрқайсымыздың ішкі әлемімізде. Өкінішке қарай, қоғамнан көреміз, бірақ қоғам адамдардан құралады ғой. Әр адамның ниеті, әрекеті тұзу болса деймін, – дейді психолог Назира Аймаханова.

P.S. Бір адамға шын көңілден алғыс айту оны өзгертуге жасалған кішіпейілді қадам шығар. Алғыс айтуды күнделікті өмірдің дағдысына айналдыру – әр азаматтың жауапкершілігі. Ізгі қоғам құру қарапайым ғана алғыс айтудан басталады.

Айтқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

Басы 1-бетте

2026 ЖЫЛҒЫ 15 НАУРЫЗҒА ТАҒАЙЫНДАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМДА ДАУЫС БЕРУДІ БАСТАУ МЕН АЯҚТАУДЫҢ БАСҚА УАҚЫТЫН БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ

«Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 22-, 29-баптарына, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 38-бабының 1, 3-тармақтарына сәйкес учаскелік референдум комиссияларының дауыс беру уақытын өзгерту туралы ұсыныстарының негізінде Қызылорда қалалық референдум комиссиясы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Дауыс беруді бастау мен аяқтаудың басқа уақыты белгіленсін:

1) Құмкөл кеніш орнындағы «ҚуатАмлонМұнай» бірлескен кәсіпорнының Қоныс-Бектас ауысымдық қыстағында орналасқан №244 дауыс беру учаскесінде 6-00 сағаттан басталып, дауыс беру учаскесіндегі тізімге енгізілген азаматтардың бәрі дауыс берсе, кез келген уақытта аяқталуы мүмкін;

2) Құмкөл кеніш орнындағы «АйданМұнай» бірлескен кәсіпорнының ауысымдық қыстағында орналасқан №245 дауыс беру учаскесінде 6-00 сағаттан басталып, дауыс беру учаскесіндегі тізімге енгізілген азаматтардың бәрі дауыс берсе, кез келген уақытта аяқталуы мүмкін;

3) Құмкөл кеніш орнындағы «ҚазГерМұнай» бірлескен кәсіпорнының Құмкөл ауысымдық қыстағында орналасқан №246 дауыс беру учаскесінде 6-00 сағаттан басталып, дауыс беру учаскесіндегі тізімге енгізілген азаматтардың бәрі дауыс берсе, кез келген уақытта аяқталуы мүмкін;

4) Құмкөл кеніш орнындағы «ПетроҚазақстанҚұмкөлРесорси» бірлескен кәсіпорнының ауысымдық қыстағында орналасқан №247 дауыс беру учаскесінде 6-00 сағаттан басталып, дауыс беру учаскесіндегі тізімге енгізілген азаматтардың бәрі дауыс берсе, кез келген уақытта аяқталуы мүмкін;

5) Құмкөл кеніш орнындағы «ПетроҚазақстанҚұмкөлРесорси» бірлескен кәсіпорнының «Арысқұм» ауысымдық қыстағында орналасқан №248 дауыс беру учаскесінде 6-00 сағаттан басталып, дауыс беру учаскесіндегі тізімге енгізілген азаматтардың бәрі дауыс берсе, кез келген уақытта аяқталуы мүмкін;

6) Қызылорда қаласы, Қызылжарма ауылдық округі, Р.Батырбаев көшесі №5, «Қазақстан Республикасының Ұлттық Ұланы №5547 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінде орналасқан №266 дауыс беру учаскесінде 6-00 сағаттан басталып, дауыс беру учаскесіндегі тізімге енгізілген азаматтардың бәрі дауыс берсе, кез келген уақытта аяқталуы мүмкін.

2. №244, №245, №246, №247, №248, №266 дауыс беру учаскелерінің учаскелік референдум комиссиялары дауыс беруді санауды дауыс беру аяқталғаннан кейін бастайтын болып белгіленсін.

3. Осы қаулы облыстық референдум комиссиясына, №244, №245, №246, №247, №248, №266 дауыс беру учаскелерінің учаскелік референдум комиссияларына жіберілісін, бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын және Қызылорда қаласы әкімдігінің ресми интернет-ресурсының «Сайлау» бөлімінде орналастырылсын.

Төраға
Хатшы
№65/114 қаулы
25.02.2026 ж.

Г. Баймурзаев
К. Насибеков

ДАУЫС БЕРУ КЕЗ КЕЛГЕН УАҚЫТТА АЯҚТАЛУЫ МҮМКІН РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

«Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 22-29-баптарына, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 38-бабының 3-тармағына сәйкес учаскелік референдум комиссияларының дауыс беру уақытын өзгерту туралы ұсыныстарының негізінде Қызылорда қалалық референдум комиссиясы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Егер тізімге енгізілген азаматтардың бәрі дауыс берсе, дауыс беру кез келген уақытта аяқталуы мүмкін учаскелердің тізбесі бекітілсін:

1) Қызылорда қаласы, Қаратоғай көшесі, №100, «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық фтизиопульмонология орталығы» ШЖК КМК №187 референдум учаскесі;

2) Қызылорда қаласы, Әбуов көшесі №29, «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Көпбейінді қалалық ауруханасы» ШЖК КМК №192 референдум учаскесі;

3) Қызылорда қаласы, Бегім Ана көшесі №15, «Қызылорда тейірлөө ауруханасы» ЖШС №197 референдум учаскесі;

4) Қызылорда қаласы, Назарбаев даңғылы №72, «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Көпбейінді облыстық ауруханасы» ШЖК КМК №210 референдум учаскесі;

5) Қызылорда қаласы, Ф.Мұратбаев көшесі №60 құрылыс, «Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «№1 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» КММ №216 референдум учаскесі;

6) Қызылорда қаласы, Ф. Мүсірепов көшесі №75, «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда облыстық жұппалы аурулар ауруханасы» ШЖК КМК №220 референдум учаскесі;

7) Қызылорда қаласы, Ақжарма ауылдық округі, Баймұрат батыр ауылы, Сарыбай шатқалы №2 құрылыс, «ҚР денсаулық сақтау министрлігінің «Қазақ республикалық лепрозорийі» ММ №230 референдум учаскесі;

8) Қызылорда қаласы, Төле би көшесі №136, ҚР ПМ Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің №68 мекемесі» РММ №235 референдум учаскесі;

9) Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, Есенов көшесі №19, «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық фтизиопульмонология орталығы» ШЖК КМК №238 референдум учаскесі;

10) Қызылорда қаласы, 3.Шүкіров көшесі №52, «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда облыстық психикалық денсаулық орталығы» КМҚК №242 референдум учаскесі;

11) Қызылорда қаласы, Талсауат ауылдық округі, Орынбор көшесі №3, «Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Мүгедектігі бар адамдарға арналған оңалту орталығы» КММ №344 референдум учаскесі;

12) Қызылорда қаласы, С.Бейбарыс көшесі №12, «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық перинаталдық орталығы» ШЖК КМК №345 референдум учаскесі;

13) Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, Амангелді көшесі №51, «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Көпбейінді облыстық балалар ауруханасы» ШЖК КМК №351 референдум учаскесі;

2. №187, №192, №197, №210, №216, №220, №230, №235, №238, №242, №344, №345, №351 дауыс беру учаскелерінің учаскелік референдум комиссиялары дауыстарды санауды дауыс беру аяқталғаннан кейін бастайтын болып белгіленсін.

3. Осы қаулы облыстық референдум комиссиясына, №187, №192, №197, №210, №216, №220, №230, №235, №238, №242, №344, №345, №351 дауыс беру учаскелерінің учаскелік референдум комиссияларына жіберілісін, бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын және Қызылорда қаласы әкімдігінің ресми интернет-ресурсының «Сайлау» бөлімінде орналастырылсын.

Төраға
Хатшы
№65/115 қаулы
25.02.2026 ж.

Г. Баймурзаев
К. Насибеков



ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК АУДИТІНІҢ МАҚСАТЫ – СЕНІМ КЕПІЛІ

«Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде «Қаржылық есептілік аудитінің мақсаты» тақырыбында семинар өтті. Семинар барысында қаржылық есептілік аудитінің мәні мен маңызы, оның негізгі мақсаттары мен міндеттері жан-жақты талқыланды.

Атап айтқанда, аудиттің негізгі мақсаты – қаржы жағдайы, қаржы жағдайындағы өзгерістер мен қызмет нәтижелері туралы толық және анық ақпарат беру, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің дұрыстығы мен анықтығын тексеру, ұйымның қаржылық-шаруашылық қызметіне объективті баға беру, сондай-ақ мүдделі тараптарға сенімді ақпарат ұсыну керек екендігі түсіндірілді.


Сонымен қатар мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік қызметтер мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілігі саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасының сақталуын, қаржыландыру жоспарының орындалуына барысын, ұйымдармен, мемлекеттік мекемелермен және тұлғалармен есеп айырысудың жағдайын, ақша қаражаты мен материалдық құндылықтардың сақталуын бақылау үшін толық және нақты ақпаратты мем-

лекеттік мекемелерді бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері қамтамасыз етуі тиіс екендігі айтылды.

Қаржылық есептілік аудиті Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 1 тамыздағы №468 бұйрығымен бекітілген «Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларын бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі №272 бұйрығымен бекітілген «Қаржылық есептілік аудиті» рәсімдік стандарттары, «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 12 мамырдағы №223 бұйрығымен талаптарына және ұсынылған құжаттарға сәйкес жүргізілетіндігі атап өтілді.

Семинар соңында қатысушылар пікір алмасты. Бұл іс-шара тыңдаушылардың кәсіби біліктілігін арттыруға және аудит саласындағы теориялық әрі практикалық білімдерін тереңдетуге ықпал етеді.

Нұрсұлтан СУЛТАНБЕКОВ,
Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті қаржылық есептілік аудиті бөлімінің бас маман-мемлекеттік аудиті



Шет тілін меңгеру – заман талабы. Әсіресе, балалардың тіл үйренуге деген ұмтылысы болашағына жаңа мүмкіндіктер ашатыны сөзсіз. Талапты жастардың бірі – «Зерде» интеллектуалды мектебінің 7-сынып оқушысы Айдана Сейтқали.

– Ағылшын тіліне деген қызығушылығым бала күнінен басталды. Әлемнің түкпір-түкпірінде өмір сүретін адамдармен еркін сөйлесе алсам деген ой тіл үйренуге жетеледі. Сол арман бүгінде нақты мақсатқа айналды, – дейді Айдана Серікқызы.

Айданың айтуынша, шетел тілін терең меңгеруге итермелеген негізгі себеп – болашақта саяхаттап, әлемді аралау, өзге елдің өмір салтымен танысу.

– Мен болашақта шетелге сапарлап, сол елдің тұрғындарымен тікелей сөйлескім келеді. Аудармашыны қажет етпей, өз ойымды еркін жеткізе алсам деймін. Сол мақсат мені тіл үйренуге ынталандырды. Сондай-ақ шетелде оқығым келеді, – дейді ол.

Қазір Айдана ағылшын тілінің «Intermediate» деңгейін аяқтауға жақын. Бұл – бірнеше жылдық еңбектің нәтижесі. Айдана ағылшын тілін меңгеруде ұстазының еңбегін атап айтты.

– Айгүл апай – менің ең басты қолдаушыым. Біз күн сайын тапсырма орындап, ағылшын тілінде сөйлесеміз. Тіл үйрену барысында сөздік қорының аздығы мен грамматика қиындау болды, бірақ үздіксіз оқу мен тәжірибе бұл кедергілерді жеңуге көмектесті, – дейді Айдана.

Айданың айтуынша, тіл үйрену мен үздіксіз ізденістің нәтижесі де жоқ емес. Қалалық пәндік олимпиадалардан «Ағылшын тілі» пәні бойынша – 2-орын, «АБАЙ» пәндік олимпиадасының облыстық кезеңінде 2-орын иеленген.

– Тіл үйрену үшін арман-мақсаттың айқын болған жөн. Бұл қиындықты жеңуге көмектеседі. Тіл меңгеруде ешқашан ерінбеу керек. Тіл үйрену – бір күндік іс емес, бірақ әр күнін нәтижелі



болса, көп ұзамай жетістікке жетесің. Әрине, кейде шаршайсың, кейде түсінбей қаласың, бірақ тоқтамау керек. Күн сайын кішкентай кадам болса да жасаған жөн. Ең бастысы, жалқаулықты жеңу, – дейді Айдана.

Мектепте қоңырау сынғыры естілгенде, оқушының ойы үй тапсырмасы мен ертенгі сабақта болады. Ал кейбірінің күн тәртібі бұдан да тығыз, сабақтан кейін бірден залға асығады, қолғап киіп, татамиге шығып, жаттығуға кіріседі. Солардың бірі – Абай атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған сыныптары бар мектебінің 7-сынып оқушысы Диас Әбдреев. Жас спортшы аралас жекпе-жекке үш жылдан бері тұрақты түрде қатысып келеді, облыстық деңгейдегі жарыста жүлде де алып үлгерген. Жас спортшымен дайындық тәртібі, спорт пайдасы туралы әңгімелескен едік.

Диас ӘБДРЕЕВ, облыстық ММА жарыстарының жүлдегері:

САБЫР МЕН ТӘРТІП – ЖЕҢІС КІЛТІ

– Оқырманға өзіңді қысқаша таныстырып өтсеңіз...

– Есімім Диас, аралас жекпе-жекпен 3 жылдан астам уақыт айналысамын. Қозғалысты, жоспармен өмір сүргенді ұнатамын. Қазір күн тәртібім спортпен тығыз байланысты. Алдымен сабақ, кейін үй тапсырмасы, содан соң жаттығу. Мектептегі оқуым мен үйдегі міндеттерімді қатар алып жүруге тырысамын. Өйткені спортпен шұғылдану жауапкершілікті екі есе арттырады. Уақытты дұрыс жүйелеу, ұйқы мен тамақтану режимін сақтау, бәрі маңызды.

– Аралас жекпе-жекке қалай келдіңіз? Бұл спорт түрін таңдауыңызға не себеп болды?

– Кішкентай кезімнен ата-анам спортқа баулыды. «Қозғалыста жүрсен, денің сау болады» деп үйірге әкелді. Аралас

жекпе-жекке келуіме әкем себеп болды. Өзі спортты, әсіресе жекпе-жек түрлерін жақсы көреді. Бір күні спорт залына ертіп барып, жаттығу барысын көрсетті. Сол жерде балалардың тәртіптен жаттыққаны, бапкердің талап қоя білетіні маған ерекше әсер етті. Әкем менің қызығушылығымды байқап, «қаласаң, қатысып көр» деп қолдау білдірді. Мұнда тек күш қана емес, ой да, шыдамдылық та, тактика да қатар жүреді. Жеңіп жол жоқ, бәрі тынымсыз еңбектің арқасында келеді.

– Спортпен айналысу үшін тәртіп мен тәртіп керек. Спорт сізге шынығудан басқа не береді?

– Басында бәрі қиын көрінді. Дұрыс тұру, дұрыс қозғалу, әр соккының техникасын түсіну, дұрыс тыныс алу, мұның бәрі мен үшін мүлдем жаңа дүние еді. Кейде «шыдай алмаймын-ау» деген сөздер де болды. Бірақ уақыт өте келе жаттығу ырағатына үйреніп, денем де, ойым да осы спортқа бейімделе бастады. Қазір үш жылға кейін шегініп қарасам, өзімдегі өзгерісті анық байқаймын. Бұрын шыдамсыз едім, кейде ренжіп қалатынымын. Қазір сабыр сақтауды, эмоцияны бақылауды үйрендім. Физикалық тұрғыдан да мықтырақ болдым. Тәртіпті болуды үйрендім, өз-өзіме деген сенім күшейді. Ең бастысы, аралас жекпе-жек маған тек спорттық дағды ғана емес, мінез, тәртіп, мақсатқа жету жолындағы табандылықты да үйретті.

– Жаттығу қалай өтеді?

– Жаттығу аптасына үш рет өтеді. Уақыты өз кестемізге қарай, кейде түске дейін, кейде түстен кейін барамыз. Әдетте сабақты денені қыздырудан бастаймыз. Жүгіру, жалпы физикалық жаттығулар, созылу сияқты базальды тапсырмалар орындап, одан кейін негізгі бөлімге, техникаға көшеміз. Соккыларды пысықтаймыз, күрес элементтерін қайталаймыз, аяқ-қолдың үйлесімді қозғалысын, қорғаныс тәсілдерін жаттықтырамыз. Кей күндері жұппен жұмыс істейміз, кейде бапкер арнайы тапсырма беріп, жарысқа дайындайды. Маған ұнайтыны, әр жаттығудың нақты мақсаты бар. Бір күні – күшке, келесі күні – техникаға, басқа күні тәртіптілікке көбірек көңіл бөлеміз. Залда ғана емес, үйде де тәртіп сақтауға тырысамын. Мүмкіндігінше ерте ұйықтап, оқуға да көңіл бөлемін. Әрине, кейде қатты шаршайтын сәттер болады, бірақ ең бастысы, бастаған ісінді сонына дейін жеткізу.

– Бапкеріңіз туралы айтып өтсеңіз.

– Жаттықтырушымыз – Бейбітжан Қобланов, Ұлттық жекпе-жекпен ҚР, Әлем және Азия чемпионы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері. Ұстазым техниканы дұрыс қалыптастыруға ерекше мән береді. Қай жерде қателесіп тұрғанымыз бірден байқап, түзейді. Әр жаттығуда ұсақ түйекке мән беріп, «осы техниканы сәл өзгертсең, жақсы

болады» деп бағыт беріп отырады. Екіншіден, моральдық тұрғыдан қолдау көрсетеді. Әсіресе жарыс алдындағы толқу немесе дайындықтан кейінгі шаршау кезінде кейде өз-өзіне деген сенімсіздік пайда болған сәттерде жігерлендіреді. Бейбітжан ағай біздің физикалық жағдайымызды үнемі қадағалап отырады. Кімнің қатты шаршағанын, кімнің бүгінгі күнге дайын еместігін бірден аңғарып, соған қарай жаттығу қарқынын реттейді. Қажет кезде күш түсірмей, қалпына келуге де уақыт береді. Жаттықтырушымыз тек техника үйрететін маман емес, бізге тәрбие беретін ұстазға айналды. «Спортта ең маңыздысы – рух» дейді. Қазір сол сөздің мәнін түсіне бастадым.

– Қандай жарыстарға қатысып үлгердіңіз?

– Осы уақытқа дейін «Panctation», «Gamma MMA», «Atashi MMA» сияқты бірқатар турнирлерге қатысып үлгердім. Әр жарыстың өзіндік талабы, ережесі, қарқынды бар, сондықтан әр қайсысы бөлек тәжірибе. Жарысқа шыққан сәттегі залдың

атмосферасы мүлде басқа. Осындай сәтте өз-өзіңді қолға алып, «осыған дейін төккен терім, жасаған еңбегім дәл қазір сыналатын уақыт» деп ойлайсың. Жарыс мені шындады деуге болады. Залда жаттығу кезінде бәрі жоспар бойынша жүреді: қандай комбинация, қандай жаттығу болатынын алдын ала білесің. Ал кілем үстінде бәрі басқаша, күтпеген жағдай жиі болады. Сондай кезде тез шешім қабылдау керек, қарсыласыңның әрекетіне бірден бейімделесің. Сол



сәттерде тек техника ғана емес, мінезін, тәртіптің, өз-өзіне деген сенімін де сыннан өтеді. Облыстық «Panctation» жарысында 2-орын иелендім. Бұл мен үшін еңбегімнің жемісін алғаш рет нақты сезінген үлкен қуаныш болды. Дегенмен мұны тек бастама деп қабылдаймын. Енді техниканы тереңдетіп, физикалық дайындығымды күшейтіп, алдағы жарыстарда бұдан да жоғары нәтиже көрсетуге ұмтыламын. Спортта әр жеңіс – келесі мақсатқа кадам, өйткені тоқтап қалған сәттен бастап алға жылжу да болмайды.

– Спорт тұлға болып қалыптасуға қиындықты әсер етеді?

– Аралас жекпе-жек маған ең алдымен сабырлық пен ұстамдылықты үйретті. Рингте ашуға ерік берсең, қателік жасайтыныңды түсінесің, сондықтан эмоцияны бақылау маңызды. Сондай-ақ режимге, тәртіпке үйретті. Уақытыңда ұйықтау, дұрыс тамақтану, жаттығуға кешікпеу, бәрі күнделікті әдетке айналды. Жеңіс те, жеңіліс те болды, нәтижесінде мінезім қатайып, жауапкершілігім артты. Бапкер, команда, ата-ананың сенімін ақтауға тырысамын.

– Спортпен айналысқысы келетін достарыңа қандай кеңес айтар едіңіз?

– Ең бастысы, көп ойланбай, алға қадамды жасау. Басында бәріне қиын, ешкім бірден чемпион болмайды, бірақ тұрақты жаттығу міндетті түрде нәтиже береді. Бапкердің сөзіне құлақ асып, техниканы дұрыс үйрену, сонымен қатар сабақты да ұмытпай, уақытты тиімді пайдалану керек. Спорт – денсаулық, мінез, тәртіп мектебі. Ертенге қалдырмай, дәл бүгін кішкентай кадам жасаңыз. Жаттығуға жазылыңыз, жүгіріп көріңіз, нақты мақсат қойыңыз. Бастысы, қорықпау, еңбектену және өзіңізге сену.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Бетті дайындаған Софья ХАЙРУЛЛА

ӨСІМДІК ТУРАЛЫ САНАМАҚ

Бір дегенің - бақбақ,
Санамақты ал жаттап!
Екі дегенің - емен,
Әркез ойлан терен!



Үш дегенің - үлбірек,
Кішіге жүр үлгі боң!

Төрт дегенің - тары,
Жаманнан жүр ары!

Бес дегенің - бидай,
Жақсыны жүр сыйлай!

Алты дегенің - алма,
Біреудің затын алма!

Жеті дегенің - жиде,
Жазықсызға тиме!

Сегіз дегенің - сабыз,
Адал болу парыз.

Тоғыз дегенің - тұт,
Үлкенді үлгі тұт!

Он дегенің - орман,
Еліңе бол қорған!

ЖАНУАРЛАР ЖАЙЛЫ САНАМАҚ:

Бір дегенің - бөкен,
Түзді еткен мекен.

Екі дегенің - ешкі,
Лағы ерке, есті.

Үш дегенің - үлек,
Көкті тұрар тіреп.

Төрт дегенің - түлкі
Езуінде күлкі.

Бес дегенің - бұғы,
Мүйіз үлкен, ірі.

Алты дегенің - арқар,
Тау үстінде жортар.

Жеті дегенің - жылқы,
Сұлу дене тұрқы.

Сегіз дегенің - сиыр,
Сүтіне бәрі үйір.

Тоғыз дегенің - түйе,
Мол салмаққа ие.

Он дегенің - орқоян,
Еті өте мол қоян.

БАЛЫҚ ЖАЙЛЫ САНАМАҚ

Бір дегенің - балық,
Ауладым қармақ салып.

Екі дегенің - елец,
Жүзеді екен терен.

Үш дегенің - үскіш,
Суда жылдам жүзгіш.

Төрт дегенің - тісті,
Бір қайнаса пісті.

Бес дегенің - бекіре,
Бәрі құмар егіне.



Алты дегенің - ақбалық,
Талай ыстап, қақтадық.

Жеті дегенің - жайын,
Жемесен жейсің уайым.

Сегіз дегенің - сазан,
Толсын оған қазан.

Тоғыз дегенің - торта,
Қайнасаң нағыз - сорпа.

Он дегенің - оңғақ,
Он саусағым толды-ақ.

Балық жайлы өстіп
Бердім саған талдап.

ҚҰСТАР ЖАЙЛЫ САНАМАҚ

Бір дегенің - бірқазан,
Еті болар бір қазан.

Екі дегенің - ементұмсық,
Сүйекті шағып, жеген тұмсық.

Үш дегенің - үйрек,
Жүзген ізі ирек.

Төрт дегенің - тауық,
Жұмыртқа берер тауып.

Бес дегенің - бүркіт,
Жемтігін жеңер жұлқып.



Алты дегенің - аққу,
Салған әні гәкқу.

Жеті дегенің - жалбағай,
Тұмсығы ұзын пальмадай.

Сегіз дегенің - сұңқар,
Аң аулауға інкәр.

Тоғыз дегенің - тауыс,
Көркем бейне мен дауыс.

Он дегенің - оқпан,
Тұмсығы өткір оқпан.

Ерженіс ӘБДІ

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдарды пікір редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру несінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» басып үйі» ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3875 Тапсырыс №348

Нөмірдің кезекші редакторы Жарасқан ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ